

Арыс қаласындағы шағын аудандарға ат қою туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы мәслихатының 2009 жылғы 1 қазандағы N 24/148-IV шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 1 қазандағы N 420 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 9 қарашада N 14-2-79 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 13 бабының 4 тармақшасына сәйкес шағын аудан тұрғындарының пікірін ескере отырып, Арыс қалалық мәслихаты **ШЕШТІ** және Арыс қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ** **ЕТТІ**:

1. ПМС шағын ауданына Алатау батыр аты, Мехколона шағын ауданына Қалау Датқа аты берілсін.
2. Атауы жоқ шағын аудандарға Тараз, Самал, Көктем, Оңтүстік, Отырар, Талдықұдық, Наурыз атаулары берілсін.
3. Осы бірлескен шешім мен қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат сессиясының төрағасы: Н.Шүкірбеков

Арыс қаласының Әкімінің міндетін атқарушы: С.Сұлтанов

Қалалық мәслихат хатшысы: Ө.Керімқұлов